

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Биылғы жылғы сәуірде **пандемияның** жалғасып жатқан **үшінші толқыны** мен жаңа жұқтыру жағдайларының **рекордтық санына** қарамастан, әлемдік экономиканың қалпына келуі жалғасты.

4 трлн АҚШ долларына АҚШ экономикасын қолдау жөніндегі жаңа жоспарды жариялау, биылғы жылғы 1-ші тоқсанда АҚШ ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) өсу қарқынын **6,4%-ке** (болжам – 6,1%) дейін жеделдету және компаниялардың күшті корпоративтік есептілігі аясында **дамыған елдердің қор нарықтарының** өсуі жалғасты. Биылғы жылғы сәуірде S&P 500 индексі **5,2%**, Dow Jones – **2,7%**, NASDAQ – **5,9%** қосты.

Эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруы нәтижесінде биылғы жылғы сәуірде Еуроодақта (**ЕО**) қалпына келу қызмет көрсету секторының қайта өсуі аясындағы күтуден асып түсті. Еуроаймақтың PMI осы жылғы сәуірде **53,8-ге** жетті.

Өндірістің өсуі, сұраныс және қызмет көрсету саласының озық қалпына келуі аясында биылғы жылғы сәуірде **экономикалық белсенділіктің жаһандық индексі** (*Global Composite PMI*) **11 жылдық ең жоғары көрсеткіш – 56,3** тармаққа жетті. Индекске ең көп үлес қосқан елдер – АҚШ (**59,7-ден 63,5-ке** дейін), Ұлыбритания (**56,4-тен 60,7-ге** дейін) және Австралия (**55,5-тен 58,9-ға** дейін). Жапонияда экономикалық

белсенділіктің әлсіз өсуі (**49,9-дан 50,2-ге** дейін) байқалды, ал Бразилияда (**45,1-ден 44,5-ке** дейін) және Үндістанда (**56,0-ден 55,4-ке** дейін) короновируспен аурулардың өсуі себебінен көрсеткіштің төмендеуі тіркелді.

Қазақстанда іскерлік белсенділік индексі екі ай қатарынан өсу аймағында сақталуда. Биылғы жылғы сәуірде ол қызмет көрсету (**50,7**) және өнеркәсіп (**50,4**) секторында қалпына келудің жалғасуына байланысты **50,5** тармақ болды (биылғы жылғы наурызда – **50,6**).

ӘЛЕМДЕГІ ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕРДІҢ ЖЕДЕЛДЕУІ

Әлемдік тауар нарықтарындағы бағаның өсуі дамыған елдерде фискалдық және ақша-кредиттік ынталандырумен бірге **инфляция мен инфляциялық күтулердің өсуін** қамтамасыз етті.

Соңғы жылы АҚШ Федералдық резервтер жүйесі (ФРЖ), Еуропа Орталық Банкі (ЕОБ) және Жапония Банкін қоса алғанда, 6 негізгі әлемдік орталық банктің жиынтық балансы **15 трлн. АҚШ долларынан 25 трлн. АҚШ долларына** дейін өсті және тарихи рекордтарды жаңартып, өсуді жалғастыруда.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ФАО деректері бойынша азық-түлік бағасының индексі қатарынан **11** ай бойы өсіп келеді және биылғы жылғы сәуірде **120,9** тармаққа жетті (ж/ж 30,8%-ке өсті), бұл қант, сондай-ақ өсімдік майы, ет, астық және сүт өнімдері бағасының өсуі нәтижесінде 2014 жылғы мамырдан бастап **ең жоғары мән** болып табылады. **Биылғы жылғы сәуірде** негізгі **астық тауарларының** биржалық баға белгілеуі бойынша **Bloomberg Grains индексі 8 жылғы ең жоғары**

көрсеткіш – 8%-ке артты.

Шикізат тауарларына бағаның өсуіне және дамушы елдер валюталарының құнсыздануына байланысты инфляция дамушы елдерде күткеннен жоғары қалыптасуда, бұл орталық банктерді бейтарап монетарлық саясатқа көшуді бастауға мәжбүр етеді.

Биылғы жылдың басынан бастап дамушы елдердің бірқатар орталық банктері – Бразилияда, Түркияда және Ресейде пайыздық ставкаларды көтерді. Биылғы жылғы сәуірде Ресейдің Орталық Банкі тағы да негізгі ставканы **5%-ке** дейін **50** базалық тармаққа көтерді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ ТҰРАҚТАНУДА

Биылғы жылғы сәуірде Қазақстанда **инфляция** азық-түлік инфляциясының баяулауы және азық-түлікке жатпайтын және сервистік компоненттердің жеделдеуі кезінде өткен айдағы **7,0%** деңгейінде сақталды.

Азық-түлік инфляциясы нан-тоқаш өнімдері, ет, қант және жеміс-көкөніс өнімдері бағасы өсуінің баяулауы аясында **10,7%-тен 9,8%-ке** дейін баяулады.

Іскерлік белсенділіктің жандануы, халық кірістерінің қалпына келуі және импорттың өсуі аясында **азық-түлікке жатпайтын инфляция 5,6%-тен 6,4%-ке** дейін жеделдеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының **ай сайынғы өсуі 2017 жылғы қазан айынан бастап ең жоғары мәнді** көрсетеді. **Киім-кешек пен аяқ киімге** бағаның өсу қарқыны жылдық мәнде **5,5%-ке** дейін (осы жылғы наурызда – **5,2%**) жеделдеді. Сонымен бірге мұнай өнімдерін **тасымалдау**

тарифтерінің артуы нәтижесінде ішкі ұсыныстың төмендеуі аясында биылғы жылдың басынан бастап **бензин** бағасының **11,6%-ке** өсуі байқалады.

Ақылы қызметтер инфляциясы реттелетін коммуналдық қызметтер санатында өткен жылдың төмен базасы есебінен кетуге байланысты сондай-ақ жекелеген нарықтық қызметтердің қымбаттауына байланысты **3,7%-тен 4,1%-ке** дейін жеделдеді.

Биылғы жылғы 27 сәуірде Ұлттық Банк азық-түлік тауарларына сыртқы бағалардың өсуіне, сауда әріптес елдердегі инфляцияның жеделдеуіне байланысты проинфляциялық факторлардың сақталу аясында **+/-1,0 пайыздық тармақ** дәлізімен жылдық **9,0%** деңгейінде базалық ставканы сақтау туралы шешім қабылдады.

БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРДІҢ ТЕҢГЕМЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ҚЫСҚАРТУ

Әлемде COVID-19 жағдайларының ұлғаюына байланысты теріс тәуекел-сентимент дамушы нарықтардың, оның ішінде ҚР валюталары мен нарықтарына қысым көрсетуді жалғастыруда. Биылғы жылғы сәуірде **бейрезиденттер ҚР мемлекеттік бағалы қағаздардағы (МБҚ) позицияларын 248 млн. АҚШ долларына қысқартты.**

Биылғы жылғы сәуірде **бейрезиденттердің инвестицияларының қысқаруы және сыртқы нарықтардағы құбылмалылық** аясында **теңге бағамы** бір АҚШ доллары үшін **429,02** теңгеге дейін **1%-ке** әлсіреді.

Нәтижесінде **шетел капиталының** ЕМ елдерінен **нетто-өкетілуі** және **мұнай бағасының құбылмалылығы** теңгенің айырбастау бағамына әсер етуді жалғастыруда. Биылғы жылғы 11 мамырдағы жағдай бойынша теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін **427,22** теңге деңгейінде қалыптасты.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ 2021 ЖЫЛҒЫ 1-ТОҚСАНДА ДЕФИЦИТПЕН ҚАЛЫПТАСТЫ

Тауарлар **экспортының 19,9%-ке** немесе **2,9 млрд. АҚШ долларына** төмендеуі және импорт ағынының **7,6 млрд. АҚШ долларына** дейін **4,8%-ке** немесе **0,4 млрд. АҚШ долларына** өсуіне байланысты биылғы жылғы 1-тоқсанда төлем балансының **ағымдағы шоты (-)1,2 млрд. АҚШ долларындағы дефицитпен қалыптасты.**

Тауарлар **импорты** азық-түлікке жатпайтын тұтынушылық және инвестициялық тауарларды әкелудің ұлғаюы есебінен іскерлік белсенділіктің қалпына келуі және кейінге қалдырылған ішкі сұраныс аясында өсті. **Автомобильдер, киім-кешек және компьютерлер** сияқты тауарларды әкелуде барынша көп өсу байқалады. Тауарлардың осы топтары бойынша өсу 2020 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда **458 млн АҚШ долларын құрады.**

ҰЛТТЫҚ ҚОР АКТИВТЕРІ ӨСУІНІҢ ҚАЙТА БАСТАЛУЫ

Ұлттық қордың активтері биылғы жылғы сәуірдің аяғында **бір айда 530 млн. АҚШ долларына** ұлғайып, **57,6 млрд. АҚШ долларын құрады.**

Биылғы жылғы сәуірде **333 млрд. теңгеге** нысаналы және кепілдендірілген трансферттер бөлуді қамтамасыз ету үшін

788 млн. АҚШ доллары сатылды.

Ұлттық қордың инвестициялық кірісі биылғы жылғы сәуірде **1,1 млрд. АҚШ доллары** немесе **2%** болды, бұл ретте акциялар портфелінің өсуі **734 млн. АҚШ долларын**, облигациялар портфелінің өсуі **278 млн. АҚШ долларын** және алтынның өсуі **106 млн. АҚШ долларын** құрады.

Биылғы жылдың басынан бастап Ұлттық қордың инвестициялық кірісі, **негізінен** биылғы жылғы сәуірде облигациялар нарығындағы қалпына келуі және акциялар нарығындағы өсуі **арқасында 940 млн. АҚШ долларын** немесе **1,7%-ті** құрады.

АЛТЫН БАҒАСЫНЫҢ ҚАЛПЫНА КЕЛУІ АЯСЫНДА РЕЗЕРВТЕРДІҢ ӨСУІ

Алтынвалюта резервтері биылғы жылғы сәуірдің аяғында бір айда **689 млн. АҚШ долларына** ұлғайып, **34,2 млрд. АҚШ долларын** құрады.

Бағаның бір унция үшін **1685 АҚШ долларынан 1769 АҚШ долларына** дейін **5%-ке** қалпына келуі аясында **алтын портфелінің 1,3 млрд. АҚШ долларына** өсуі еркін конвертацияланатын валютадағы активтердің төмендеуін өтеді. Ағымдағы жылғы мамырда алтын бағасы өсуін жалғастыра отырып, 11 мамырға бір унциясына **1841 АҚШ долларын** құрады.

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер биылғы жылғы сәуірде **635 млн. АҚШ долларына**, оның ішінде клиенттердің Ұлттық Банктегі депозиттері көлемінің **472 млн. АҚШ долларына** төмендеу және **88 млн. АҚШ долларына** мемлекеттік қарызды төлеу есебінен төмендеді.

Осылайша, жалпы халықаралық резервтер биылғы жылғы сәуірде **1,2 млрд.** АҚШ долларына артып, **91,8 млрд.** АҚШ долларын құрады.

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ НАҚТЫ КІРІСТІЛІГІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері халықтың қаражатты **мерзімінен бұрын** алуына байланысты жыл басынан бастап **0,3 трлн.** теңгеге немесе **12,6 трлн.** теңгеге дейін **2,3%-ке** төмендеді.

Биылғы жылдың басынан бастап **есептелген** инвестициялық кіріс мөлшері **488,5 млрд.** теңге болды. Биылғы жылғы 4 айдың қорытындысы бойынша инфляция **2,7%** болған кезде **3,8%** мөлшеріндегі **кірістілік** қамтамасыз етілді. **Нақты кірістілік инвестициялық қызмет**, сондай-ақ зейнетақы активтерін **нарықтық** және **бағамдық** қайта бағалау нәтижесінде қамтамасыз етілді.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУЫ

Биылғы жылғы 11 мамырдағы жағдай бойынша салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу бойынша орындалған өтініштерінің саны **1,3 трлн.** теңге сомасына **266,8 мың** болды. Бұл ретте зейнетақы аударымдарын ай сайынғы алу көлемінің төмендеуі байқалады: биылғы жылғы ақпанда **643,4 млрд.** теңге, наурызда **302,1 млрд.** теңге, сәуірде **283,0 млрд.** теңге.

Тұрғын үй мәселелерін шешуге алынған жинақтардың **99,4%-і** жіберіледі. Емделуге **4,7 млрд.** теңге пайдаланылды,

1 478 азаматтың **3,4 млрд.** теңге сомасындағы зейнетақы жинақтары **4** басқарушы компанияға сенімгерлік басқаруға берілді.

Өңірлер бөлігінде Маңғыстау облысының, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының үлесіне барлық алынған жинақтар көлемінің **58,4%-і** тиесілі.

ЭКОНОМИКАҒА ДЕПОЗИТТЕР МЕН КРЕДИТТЕР ӨСУДІ ЖАЛҒАСТЫРДЫ

Банк жүйесіндегі **депозиттер** жыл басынан бері **23,4 трлн.** теңгеге дейін **5,8%-ке**, оның ішінде **ұлттық валютада** – **6,5%-ке** немесе **14,8 трлн.** теңгеге дейін **896,1 млрд.** теңгеге, шетел валютасында – **4,8%-ке** немесе **8,6 трлн.** теңгеге дейін **392,5 млрд.** теңгеге ұлғайды.

Нәтижесінде **депозиттерді долларландыру** деңгейі 2021 жылғы наурызда **36,9%** деңгейінде қалыптасты.

2021 жылғы қаңтар-наурызда **заңды тұлғалардың** салымдары **11,9 трлн.** теңгеге дейін **5,3%-ке**, **жеке тұлғалар** салымдары **11,5 трлн.** теңгеге дейін **6,4%-ке** ұлғайды.

Кредиттік портфель осы жылдың басынан бастап **1,2%-ке** немесе **169,6 млрд.** теңгеге ұлғайып, биылғы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша **14,8 трлн.** теңгені құрады.

Экономиканың нақты секторына кредиттік ресурстардың құны өткен жылғы наурыздағы **12,5%-пен** салыстырғанда **11,5%-ке** дейін төмендеді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Экономиканы қолдау үшін Мемлекет басшысының

дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша биылғы жылғы 6 мамырдағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерге (ЕДБ) **1,18 трлн. теңгеге 1 507 өтінім** келіп түсті, **785,2 млрд. теңге** сомасына **961 жоба** мақұлданды.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы бойынша биылғы жылғы 6 мамырда кәсіпкерлер **755,3 млрд. теңгеге 3 031 өтінім** берді, оның ішінде **596,8 млрд. теңгеге 2 205 өтінім** мақұлданды, **837,5 млрд. теңгеге 8 272 қарыз** берілді, оның ішінде **265,2 млрд. теңгеге 3 606 қарыз** бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен берілді.

3. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 2021 жылғы 6 мамырда **709,3 млрд. теңгеге 59 070 өтінім** келіп түсті, **416,9 млрд. теңгеге 34 573 өтінім** мақұлданды.

4. «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық бағдарлама бойынша 2021 жылғы 6 мамырда **1,2 трлн. теңгеге 127 578 өтінім** келіп түсті, **651,6 млрд. теңгеге 69 099 өтінім** мақұлданды.

ЦИФРЛЫҚ ВАЛЮТАНЫ ЕНГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ

Биылғы жылғы 5 мамырда Ұлттық Банк цифрлық валюта шешетін міндеттерді, оларды шығару және тарату әдісін, қолданылатын технологияны, ақша-кредит саясатына, қаржылық тұрақтылыққа және төлем қызметтері нарығына әсерін анықтай отырып, жария талқылау үшін және

артықшылықтар мен тәуекелдерді жан-жақты зерттеу үшін **«Цифрлық теңге»** баяндамасын жариялады.

Баяндамада **цифрлық валютаның** технологиялық және экономикалық сипаты, **Ұлттық Банктің** цифрлық теңгені зерттеу және енгізу **тәсілдері**, **ықтимал әсерлерді** алдын ала бағалау, сондай-ақ **пилоттық жобаның сипаттамасы** мәселелері қамтылған.

Енгізудің ықтимал әсерлерін зерттеу нәтижелері, пилоттық жобаның қорытындысы және мүдделі тараптармен талқылау бойынша **цифрлық теңгені енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылданады және жол картасы әзірленетін болады**. Пилоттық жоба **2021 жылдың екінші жартысында** іске асырылатын болады.

Назарларыңызға рақмет!